




# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigas\_jsc mmginfo

№03 (173), СӘУІР, 2024



## Геолог күні

## құтты болсын!



### Құрметті әріптестер, қадірлі геологтар!

Жыл сайын сәуір айының бірінші жексенбісінде ең тамаша мерекелердің бірі – Геолог күні атап өтіледі.

Бұл мереке – бүкіл қоғамымыз үшін қажетті ресурстарды іздеумен және өндірумен шұғылданатын әрбір адам үшін өте маңызды күн. Адамзат баласының қолы жеткен барлық жетістіктері үшін біз жер қойнауының байлығы мен оның қыр-сырын ашатын жандарға қарыздармыз.

Елдің қазба байлығын халық игілігіне жаратып, кен көздерінің көптеп ашылуына Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен ұзақ жылғы тәжірибелеріңіз дәлел бола алады.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының дамуы мен өркендеуіне лайықты үлес қосып жүрген геолог әріптестерімізді бүгінгі кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Компаниямыздың перспективалық әлеуетін көтеруге, жаңа белестерді бағындыруға деген табандылықтарыңыз үшін алғысымызды айта отырып, Сіздерге мықты денсаулық, қажымас қайрат, жанұяларыңызға бақ-береке тілейміз.

Алдағы уақытта да қызықты зерттеулер мен маңызды жаңалықтар ашуларыңызға тілектеспіз!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# МҰНАЙШЫЛАР ЖАҢА ОРТАЛЫҚТА БІЛІМ АЛАДЫ

28 наурызда Қаламқас кен орнында мұнайшылардың өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы, сондай-ақ басқа да қызмет салаларындағы теориялық сабақтарын өткізуге арналған жаңа оқу орталығы ашылды.



## Оқу Орталығы



Аталған ғимараттың ашылуына себеп болған жәйт, кен орнында, қауіпсіздік саласында міндетті болып саналатын оқуларды ұйымдастыру үшін ыңғайлы және қолайлы ғимараттың болмауы болды. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны

қорғау департаменті басшысы Бауыржан Ләтіптің бастамасымен, ғимараттың жобалық сметалық құжаттамаларын дайындау тапсырылған болатын. Асыға күткен нысанның құрылысы аяқталып, қызметкерлерді оқыту басталып кетті. Оқу орталығының қауіпті нысандарда жұмыс жасайтын қызметкердің сауатын ұштап, өз кәсіби қызметін қауіпсіз атқаруына елеусіз үлес қосатыны анық.

Орталықтың ашылу салтанаты барысында ғимараттың құрылысын жүргізген мердігерлік ұйымының өкілі кен орнының басшылығына символикалық кілтті табыстады.

Өз кезегінде «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ бастығы Мақсат Нұрғабайұлы жаңа ғимаратта мұнайшыларды сапалы оқытып, олардың кәсіби біліктілігін арттыру үшін барлық жағдайлар жасалғанын атап өтті.

Жаңа оқу кешені вахталық поселкенің дәл ортасында орналасқан, онда теориялық сабақтарға арналған төрт кең де жарық кабинет, кофе-брейк бөлмесі, киім ілетін орын, санитарлық

тораптар, сондай-ақ техникалық үй-жайлар орналасқан. Орталық қажетті жиһаздармен және интерактивті жабдықтармен жабдықталған, бір уақытта мұнда 80-ге дейін адам оқи алады.

Сонымен қатар Мақсат Көмекулы жаңа оқу орталығының кәсіби білім алу үшін жайлы және ыңғайлы орын болып, кен орын қызметкерлерінің көңілінен

шығатынына сенімін білдіре келе, әріптестерін орталықтың ашылуымен құттықтап, ғимараттың ашылуына мұрындық болып ат салысқан барлық әріптестеріне алғысын жеткізді.

**Марат Яшев,**  
қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшысы



## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАДІРЛІ ІС

Биыл Қаламқас мұнайына 45 жыл толуына орай, өндіріс жастарының бастамасымен 45 игі істер жоспары жасақталған болатын. Осы шаралардың аясында 24-ші наурыз күні Тұщықұдық ауылындағы "Айдар Ишан Ата" руханият үйінде 200-ге жуық кенорын қызметкерлеріне ауызашар берілді. Ауызашарға мұнайшылармен қатар Дарын мемлекеттік сыйлығының лауреаты ақын Светқали Нұржан, өлкеміздің өнер зерттеушісі, жыршы Ақылбек Тасқара, Маңғыстау облысының депутаттары Уайс Ерсайынұлы мен Аят Исатайұлылар қатысты.



Кеш қонақтары қоғамдағы орын алып отырған түрлі келеңсіздіктер мен жаһандану заманындағы қазақ ұлтының жағдайы жөнінде терең ойларымен бөлісті. Қадірлі қонақтардың ойлы әңгімелерінен рухани сусындаған кенорын қызметкерлері осы тамаша кешті ұйымдастырушыларға дән риза болды.

Игі істердің тағы бірі - Маңғыстау ауданындағы мұқтаж отбасына баспана сыйлау болатын. Осы орайда арнайы құрылған комиссия Шетпе, Жыңғылды, Жармыш, Шайыр, Онды, Үштаған, Тұщықұдық, Шебір, Ақшымырау, Қызан

ауылдарынан мұқтаж отбасыларының тізімін алдырып, осы отбасыларды аяқтай аралап, жағдайларымен танысты. Нәтижесінде комиссияның шешімімен Шетпе ауылында сегіз бала тәрбиелеп отырған Адай Дәлиев пен Ақтоты Жексенбаеваның көмекке мұқтаж отбасына құны 10 млн. теңге тұратын, көлемі 14×12 шаршы метр жаңа үйдің сертификаты табысталды.

Қаламқас кенорнының қызметкерлері бұған дейін де мұқтаж отбасыларына арнап ірілі-ұсақты қайырымдылық шараларын ұйымдастырған болатын, бірақ бұндай ірі

игілікті іс тұңғыш рет атқарылып отыр. Табысталған сертификатқа "Баспана-1" деп жазылуы - Маңғыстау ауданының мұқтаж отбасыларын баспанамен қамтамасыз етудің үрдіске айналатынын меңзеп тұрғандай болды. Лайым, солай болғай! "Садақаны сауыңда бер" демекші, "Қаламқас-мұнайгаз" ӨБ қызметкерлерінің игі істеріне ақ жол тілеген кеш қонақтары, жоспарланған шаралардың жалғаса



беруіне сенімдерін білдіріп жатты. Қасиетті Рамазан айында осындай рухани мәнге толы кешті ұйымдастырып өткізген

әріптестерімізге зор алғысымызды білдіре отырып, игілікті істеріне сәттілік тілейміз!

**P.S. Уәде етілгендей 27.03.2024 ж. баспананың құжаттары дайын болған соң көмекке мұқтаж сегіз баланың ата-анасы Адай Дәлиев пен Ақтоты Жексенбаеваның жаңа үйіне Қоғам қызметкерлері барып, жаңа үйден дәм татып, үйдің құжаттары мен кілтін табыс етті.**



## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының ҮНДЕУІ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ақпаратына сәйкес Ақтөбе, Ақмола, Атырау, Қостанай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ұлытау, Қарағанды, Павлодар және Абай облыстарында бұрын соңды болмаған табиғи апат орын алып, су тасқыны салдарынан осы өңірлердегі елді мекендер зардап шегіп отыр. Қарғын су елдің көп бөлігіндегі жұртқа орасан материалдық шығындар келтіруде.

Су басу аймағынан мыңдаған адамдар эвакуацияланды. Бүгінде олар уақытша пункттер мен туыстарының үйлерін паналауда. Әр аймақта жүздеген тасқын тіркеліп, отандастарымыздың үйлері су астында қалды. Тас жолдарды су шайып, көпірлер бұзылуда.

Осы жағдайларға байланысты жер-жерде ұйымдар мен жеке адамдар зардап шегіп жатқан аймақтарға қол ұшын созып гуманитарлық көмек көрсету амалдарын жасауда. «Қайыр қылсаң, бүтін қыл» дегендей, осынау ел басына түскен қысылтаяң шақта әріптестерімізді қайырымдылық көрсетуге шақырамыз.

Осы орайда қоғам қызметкерлерінен ерікті түрде гуманитарлық көмек ретінде өзі қалаған сомасын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның жанынан құрылған «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорына аударуға ұсыныс білдіреміз.

Аударылған қаржының орынды жұмсалуды біздің жеке бақылауымызда болады және қызметкерлер алдында толық есебі беріледі.



Фото: МЧС РК



Фото: kazpravda.kz



Фото: tobolinfo.kz

## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



ЖАС  
МАМАНДАР КЕҢЕСІ  
«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ



### Құрметті әріптестер!

Өздеріңізге белгілі болғандай бүгінде Еліміздің бірқатар аймағын су басып, мыңдағын отандастарымыз зардап шегуде. Осыған байланысты төтенше жағдай жарияланған өңірлерге көмек көрсету мақсатында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Жас мамандар кеңесінің жанынан қабылдау пункті ашылғанын хабарлаймыз.

Елдің басына түскен ауырсында біз де тыс қалмай өз көмегімізді көрсетіп, қол ұшын созсақ деп шештік. Әріптестерімізге киім-кешек, ұзақ мерзімге жарамды азық-

түліктер, тұрмыстық қажетті бұйымдар мен қаржылай көмектесу туралы ұсыныс жасаймыз.

Көмек көрсетуге ниет білдірген азаматтар болса, 6 ш/а №1-ші ғимаратында орналасқан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік Қоғамы Бас офисінің акт залында орналасқан қабылдау пунктіне хабарласу сұралады.

Қажетті заттарды қабылдау жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жүргізіледі. Тапсырылған бұйымдарды сұрыптап, жинақтап жеткізуді біз өз мойнымызға аламыз.

#### Қажетті заттар тізімі:

- азық-түлік (тез бұзылмайтын консервілер, макарон өнімдері, күнбағыс майы, жарма, шай, құрғақ печенье);
- балалар сүт қоспалары, пюре;
- жылы киім (таза);
- аяқ киім (таза);
- жылытқыш, шам, дәрі-дәрмек, резеңке етік, термос, powerbank, ауыз су (5л.), сіріңке, шұлық (жаңа), қолғап;
- гигиеналық құралдар (тіс пастасы, сабын, сусабын, дәретхана қағазы).

Қаржылай көмек көрсету үшін компания жанынан құрылған «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорына QR-код арқылы аударымдар жіберулеріңізге болады.

**Байланыс нөмірі:**  
+7 702 907 43 33  
Жас мамандар кеңесінің  
төрағасы  
Едилов Нұрбол



**БФ Мұнайлы өлке**

**БФ Мұнайлы өлке**

АКТАУ, 6 МКР., 1

Сканируйте QR-код  
в приложениях  
Homebank и Onlinebank



# МЕН ТАҢДАҒАН КӘСІП



**Геологиялық жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнай қорын анықтап, өндіріс даласын зерттеу де осы мамандық иелерінің міндеті. Солардың бірі «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының Геология және кенорындарды игеру мен талдау бөлімінің жетекші геологы - Анар Сауытқұлқызы Бекеева.**



Әсілі, біз еңбек адамы дегенде егін басында жүрген, қолында кетпені мен күрегі бар ауыл тұрғынын елестететін секілдіміз. Болмаса малдың соңында жүрген, ауыр жұмыстан қажыған жанды нұсқауға оқталамыз. Жоқ, тіршілік бәріне ортақ, демек еңбектің үлкен-кішісі жоқ. Біз бүгін осы ретте еңбекке әуес талай жастың санасына сәуле құйып, жол көрсеткен Анар Бекеева туралы сөз қаузамақпыз. Маңғыстаудың төл перзенті, Жетібай ауылында 1979 жылы дүниеге келген. 2000 жылы Ш.Е.Есенов атындағы Ақтау университетінің мұнай және газ геологиясы кәсібі бойынша бітіріп, инженер-геолог мамандығын алып шықты. Анар

Сауытқұлқызының 2001 жылы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында басталған еңбек жолы, күні бүгінге дейін абыроймен, жауапкершілікпен жалғасып келеді.

«Әйел заты үйде, ошақ қасында отыруы керек немесе әйел адамның қолынан көп нәрсе келе бермейді» - деген түсінік ескі заманның сарқыншағы десек болады. Қазіргі заманымызда әйел адам ана ғана емес, еңбек адамы болып қалыптасты. Қай саланы алып қарасақ та нәзік жандының рөлі жоғары.

- Геолог мамандығына құлшынысымды арттырған әкем болатын. Өз басым қай істе болса да әкемді үлгі-өнеге тұтамын. Геология саласында ең

алдымен білім, қайрат, сенімділік, шешім шығара білу керек деп ойлаймын. Ұстанымым - алдына биік меже, үлкен мақсат қою, соған бар күш-жігерінді салу. Біздің ұжымды осындай ортақ мақсат-мұрат біріктіреді. Ұжымымыз жұмыла жұдырық болып, жоспарланған жұмысты соңына дейін жеткізіп, нәтижесін бірге көреді, өндірісті өрлетуге бір кісідей ұмтылады.

Әлбетте, жұмыста үлкен өзгерістер болды, қазіргі дамыған заманда технологияның мүмкіндіктері біздің геологиялық жұмыстарымызды жеңілдетіп, одан әрі жетілдіре түсуде. Дей тұрғанмен білікті мамандар әрбір істің басы-қасында жүруі қажет.

Әріптестерімді төл мерекемен құттықтай отырып, әр геологтың шағын ұжым ғана емес, сондай-ақ компаниямыздың, өңіріміздің, тіпті еліміздің ауқымында қосып жатқан үлесі орасан зор екенін айтқым келеді. Ұжымдастарымның дендеріне саулық, кәсіби табыстар, бірлік-береке және отбасылық бақыт тілеймін! - дейді білікті маман.

Ел экономикасының күретамырына баланған мұнай-газ өндірісінің кідіріссіз өсіп-өркендеуі жолында күні-түні еңбек етіп, жылдың қай мезгілінде де кен іздеу, барлау жұмыстарын жүйелі жүргізіп жүрген геологтарға біздің де айтар алғысымыз шексіз.



## ГЕОЛОГ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ!

**Жер бетінде және оның қойнауында болып жатқан физикалық үрдістерді зерттейтін геология ғылымы – терең ғылым, ал геолог мамандығы әрқашанда сұранысқа ие. Мұнай өнеркәсібі сан түрлі мамандықтың басын біріктірген алып кешен. Оның ішінде әсіресе геология саласын айрықша атауға болады. Жер нәрін іздеп, жаңа кен көздерін ашып, мұнай қорын ұлғайтуда геологтардың еңбегі ерен. Міне, осы маңызды салада еңбек етіп жүрген Жәнібек Ордалыұлы Мұхан жас та болса ауыр жұмыстың жүгін арқалаған «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы Геология және кенорындарын игеру жұмыстарын талдау бөлімі басшысының орынбасары болып қызмет етеді.**



Жер қойнауына қатталған көмбені тауып, жаңалық ашу, олардың қандай тереңдікте жатқанын, көлемін анықтау, бір сөзбен айтқанда кен өндіруге қатысты ерекшеліктерді егжей-тегжейлі зерттеу дәл осы бүгінгі кәсіби

мерекенің иегерлері – геологтарға жүктелген.

Жәнібек Мұхан 1984 жылы Тұщықұдық ауылында туған. 2006 жылы Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін

«Мұнай және газ геологиясы» мамандығы бойынша бітіріп, «инженер-геолог» мамандығын алып шықты. Әрі қарай осы университеттің магистратурасына «Мұнай-газ ісі» мамандығына түсіп, 2008 жылы магистр дәрежесін алған. Еңбек жолын 2006 жылдың қарашасында "Техасо North Buzachi Inc." БК мекемесінде мұнай өндіру операторы лауазымынан бастаған. 2007 жылдың наурыз айынан бері «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында еңбек етіп келе жатқан Жәнібек Ордалыұлы атқарған адал жұмысы мен жоғарғы өндірістік нәтижелері үшін көптеген алғыс хаттардың, құрмет грамоталары мен төс белгілерінің иесі атанды.

«Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай ізет», - демекші жақсы маман иесі болу үшін көп ізденіс, оқу, білім алу, ең бастысы мамандыққа деген сүйіспеншілік қажет. Заман талабына сай өмір сүру керек деп жатамыз ғой, заманға сай жаңа мамандықтар қажет. Еліміздің минералдық-шикізат базасын толықтырып, қазіргі кезеңде және ұзақ мерзімді мемлекеттің экономикалық сұранысын перспективада қанағаттандыру үшін міндетті түрде геология саласын дамыту қажет. Жәнібек Мұхан сұхбатымыздың барысында одан "Геолог мамандығын неге таңдадыңыз?" – деп сұраған едік:

- Геолог болу атамның өсиеті болған. Әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына да байланысты екені анық. Сол себепті мамандық таңдау оңай шаруа емес. Шыны керек, кейбір жастарымыз жақсы маман иесі болсам деп ойлай бермейді. Әйтеуір, бір мамандықты таңдай салып, диплом алып шықсам болды деп ойлайды.



Мамандық таңдау – тек оқу мен диплом алу ғана емес, бұл – өз өмір жолыңды дұрыс таңдау. Сондықтан болашаққа қадам басар кезде талапкердің де, ата-ананың да «жеті рет өлшеп, бір рет кескені» абзал. Шынайы көзқараспен қарайтын болсақ, дұрыс таңдалған мамандық иесі қашанда өз ісінің шебері, әрі білгірі болып, қашанда сұранысқа ие болып жатады. Ол өз таңдаған бағытын жақсы көріп, сол саланың мақтанышына айнала алады, - деп сөзін аяқтады кейіпкеріміз.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып кейіпкеріміз бен барша геолог әріптестерімізді кәсіби мерекесімен құттықтаймыз, оларға жаңа табыстар, сондай-ақ мықты денсаулық, мансапта өрлеу, істерде табыс және отбасылық бақ-береке тілейміз!

# Кең пейілді Кенжегүл



Жаны жайсаң, атқаратын қызметіне асқан ұқыптылықпен қарайтын Кенжегүл Ізбасарованың Қаламқас кен орнында қызмет еткеніне де 40 жылға таяп қалыпты. Жастайынан еңбекке араласқан ол 5-ші дәрежелі сылақшыға дейін көтеріліп, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы Күрделі құрылыс департаментінде табаны күректтей 32

жыл еңбек етті. Тапжылмай, тұрақты түрде бір орында жасау деген оның өз ісіне деген адалдығы, кәсіби біліктілігінің арқасы шығар, сірә.

Табиғаты қарапайым Кенжегүл: «Осы жылдар ішінде түйгенім - адамдар арасында өзара сыйластық болса, сенім мен түсіністік орнайды. Тіл табысып, кез келген түйткілді мәселені оңай шешуге болады» - дейді. Небір қақаған қыстың ызғары, шіліңгір шілденің аптабында да вахталық ауысыммен жұмыс істеп келе жатқан Кенжегүлді өмірлік қосағы да үнемі қолдайды екен. Бір қызығы екеуі

де бір құрылымдық бөлімшеде еңбек етіп, жұмыс барысының қиындығы мен рақатын, қызығы мен шыжығын қатар көріп келеді. Сүттей ұйып отырған берекелі шаңырақтың отанасы Кенжегүл алтын асықтай бес баланы өмірге әкеліп, отағасымен бірге олардың алаңсыз өсіп-өркендеуіне барлық жағдай жасап отырған көрінеді.

- Балаларыма алты ай толғанда жұмысқа шығып кететінмін. Өзіміз жұмысқа кеткенде оларды апам бағып, қарасатын еді. Бүгінде алды үйленді, бір немереміз бар. Кенжетайым 2-ші сыныпта оқиды. Өзіміз түзде еңбек етіп жүргенімізбен, балалардың тәрбиесі мен қажеттілігіне қатты мән береміз. Вахтадағы уақытта үнемі телефон арқылы бақылауда ұстап, жиі хабарласып отырамыз ғой,- дейді кейіпкеріміз.

Өндіріс ошағының қай саласы болса да игеріп, аянбай еңбек етіп жүрген Кенжегүл, Компания мүддесі үшін кез келген жұмысты абыроймен атқаруды өзіне міндет санайды. Кенжегүл Ізбасарова бүгінгі таңда «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының Ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының Ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының 4-ші дәрежелі химиялық талдау лаборанты. Бұл кәсіптегі еңбек өтіліне санаулы жылдар өтсе де, ол өз ісінің шебер маманы болып алған. Ұжымдастарының тарапынан құрмет пен жақсы пікірлерге де ие.



- Жалындаған жас кезімізден, күш-қайратымыз тасып тұрған кезден-ақ, жұмысқа деген құлшынысымыздың арқасында осы күнге жеттік. Еңбегіміз еленіп, тапқан табысымыздың да берекесі бұйырып отыр. Компанияның дамуына, өсіп-өркендеуіне теңіздің тамшысындай үлесімізді қоссақ - ол да бір адамзаттық мақсатымыз орындалғаны деп білемін, - дейді адал еңбегінің жемісін көріп отырған аяулы ана.

Бойына бар болмысын жиған, саналы ғұмырын мұнай саласына арнаған жұмыскер Кенжегүлге біз де сәттілік тілейміз. Өмірлік ұстанымыңыздан таймай, қалтқысыз атқарып келе жатқан қызметіңіздің жемісін көріңіз!



## Ғазиза - мұнайлы мекенге дән риза



- Дәм бұйырып 2004 жылы Қаламқас кен орнына жұмысқа тұрдым.

Азаматымның қолдауымен, бала-шағаның қамы үшін қиын да болса он бес күндік вахтаға шығуға тура келді. Мен үшін әрқашан бірінші орында отбасым тұрады. Ол кезде кішкентайым бес жаста болатын, 20 жылдың қалай өткенін білмей қалыппын.

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы Жылумен жабдықтау және кәріз цехының 3-ші дәрежелі суды химиялық жолмен тазалау аппаратшысы Ғазиза Жаманғараева өндірісте өткен өмір белестерін отбасындағы сыйластық, тұрақтылық, шыдамдылық және мамандыққа деген құрметімен ұштастырады. Құдай қосқан қосағы Серікқали ағамызбен бірге шаңырақ көтеріп, өнегелі отбасының кемеңгер алтын дінгегіне айналған Ғазиза бір әтеген-айсыз ата-ененің ықыласы мен батасын алған көрінеді.

- Самаурын жағып, шоқпен шәй ішетін, нанды табаға көметін, қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған шалғайдағы Сенек ауылына келін болып түстім. Ол кезде қазіргідей жағдай жоқ, от жағып, күл шығаратынбыз. Түйе сауып,

құрт-балқаймақты да қайнаттық. Енем ішік-тон тігетін өте шебер кісі болатын. «Сынықтан өзгенің бәрі жұғады» дегендей, тәрбиесін іле жүріп, құрақ құрап, киім тоқып мен де өнердің әдісін меңгердім,- дейді Ғазиза апай.

Кейін отағасының қызметтік жұмыс бабына қарай еншісін алып, алдымен аудан орталығы Құрыққа, әрі қарай облыс орталығы Ақтауға қоныс аударыпты. Өмірінің жалғасы балалары да жоғары мамандық алған, әртүрлі салада қызмет атқаруда. Сәні мен салтанаты жарасқан берекелі шаңырақтың тәрбиесін тал бойына сіңіріп өскен ұл-қыздары сондай тәрбиелі, білімді де білікті мамандар екеніне күмәніміз жоқ. Үлгілі отбасыға «MANGYSTAY» телеарнасының «Нұр құйылған шаңырақ» атты бағдарламасы барысында тәнті болып, отбасының беріктігі мен біртұтастығына сүйсінген болатынбыз.

Ғазиза жұмысқа келгенде өзін істің адамы ретінде дәлелдеген жан. Цех

басшылары мен ұжымының алдында да абыройсыз емес. Биязы мінезді, жайдары жұмыскер Ғазиза:

- Жұмысым өзіме ұнайды. «Адам екі түрлі жағдайда қателеспей керек: бірі - жар таңдағанда болса, кейінгісі - мамандық таңдағанда» - деп бекер айтылмаған ғой. Мамандығың сүйікті ісіңе айналса бойыңа жаңа күш қосылып, атқарған еңбегіңнен қуанышын табысың. Зор ықылас, шабытпен істеген іс дегенің табыс биігіне жеткізетін қанат. Екінші жағы - айналаңа құрметпен қарау, яғни өзгені сыйласаң, ол адам да сені сыйлайтын болады. Жұмыстағы берік қағидам осы, - дейді жүрген ортасынан үйлесімділік пен үндестік тапқан әріптесіміз.

Маңдай тіреп мұнайлы ордада жүруінің өзі тегін емес. Себебі әкесі өңірге танымал мұнайшы болған екен. Бала күнінде әкесінің он бес күндік вахтаға вертолетпен ұшатынын күле еске алды ол. Кім біледі, бәлкім бала

кездегі әке жолын қуу туралы армандары ата жолын жалғастырушы Ғазизаны мұнайлы мекенге жетелеген болар.

Қаламқаста өткен жиырма жылына, бұйырған табысы мен жиған абыройына риза кейіпкеріміз осы жылдың тамызында зейнеткерлікке шықпақшы. Құрметті демалысы жақын Ғазизаның қоғамдық жұмысқа деген белсенділігі болар, ол Қаламқастағы Наурыз мерекесінде «Мұнайым» әйелдер энергетикалық клубының ұйымдастыруымен өткен сайыста ақ кимешекті әже ретінде өнер көрсетіп, артқы буын жастардан кем түспеді. Жанарына сыр тұнған, жүрегіне мейірім тұнған Ғазиза апайға біз де денсаулық пен амандық тілейміз! Жас кезден серік еткен адами қасиеттеріңіз бен адалдығыңызды үлгі тұтамыз, ардақты жан!

Айсұлу Мұханова  
ӘҚД аудармашысы



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# Ер дәулеті – еңбек

**Еңбек адамдарын көзбен көріп, дидарласып, оларды ел-жұртқа таныту – біздің жұмысымыздың бір бағыты десек болады. Сол мақсатта бүгін «Қаламқасмұнайгаз» кенорны, газ өндіру дайындау және тасымалдау цехының машинисті - Мақсот Отарұлы туралы сөз қозғағымыз келіп отыр.**

Мақсот Отарұлы Қарамұрза 1961 жылы Атырау облысы Жылой ауданы, Құлсары қаласында дүниеге келген. Құлсарыда орта мектепті бітіргесін, 1982 жылы сырттай Атырау политехникумында техник-механик мамандығын игеріп шықты. Еңбек жолын 1978 жылы мұнай саласында бастаған ол, 2007 жылы «Жетібаймұнайгаз»

өндірістік басқармасында машинист болып жұмысқа орналасты. 2016 жылы Қаламқас кен орнына газ өндіру дайындау және тасымалдау цехының 5-ші дәрежелі технологиялық компрессор машинисті қызметінде еңбек етіп, міне, зейнетке шығып отыр.

- Қазір өндірісте алғашқы жұмысқа кірген кезеңмен салыстыра қарасақ,



әрине өзгерістер көп қой. Мұнай-газ саласына енгізілген жаңа технологиялардың арқасында еңбек өнімді, жұмыс нәтижелі. Машинист мамандығын игеру үшін ең алдымен шыдамдылық пен сабырлық керек. Күннің ыстық-суығына қарамастан ілеспе газды компрессорлармен қысым арқылы Қаражанбас және басқа да тұтынушыларға құбыр арқылы тасымалдаймыз.

Бақылау станциясы арқылы газдың тасымалдау процессін, компрессорлардың бір қалыпта тиісті қысыммен жұмыс жасауын қадағалаймын. Газбен барлық нысандарды қамтамасыз етеміз, 6 компрессордың жұмыс жасауын қадағалап, бұзылса жөндеуге көмектесеміз. Жөндеу кезінде төсемдерді ою, клапандарды, электромагниттік клапандарды, штоктар, мұздатқыш, радиаторларды монтаждау, жөндеу және ревизия жасау

жұмыстары бар. Міне, осындай, өз ісінің нағыз мамандары жиылған ұжымда, тасымалдау ісінің мүлтіксіз жүріп отыруы қамтамасыз етіледі, - дейді Мақсот Отарұлы.

Бүгінде адал жарымен 3 ұл, 5 қыз өсіріп отырған бақытты шаңырақтың иесі ұл-қыздарының өз саласында нағыз маман иесі болғанын қалайды. Әр үздік нәтиже мен қиын жұмыстың астарында адамның адал қызметі мен маңдай тері жатыр. Еткен еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен медет! Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, отбасы - Отанда, ұл-қыздардың ортасында балқыған бақытқа толсын! Сізге жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілейміз!



## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# Наурызбен қайта қауышқанда

Наурыз мерекесін «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-нің ұжымы жылдағыдан ерекше етіп қарсы алды. Наурыздан-наурызға дейін бел шешпей қызмет еткен ұжымның бір жылғы жұмысын қорытындылаған Серіктестіктің бас директоры Нұрдәулет Рахымұлы ұжымды табалдырығымыздан аттаған жаңа жылмен құттықтап, дәстүр бойынша үздік қызметкерлерді марапаттады.

Наурыз мейрамы қарсаңында ұжым қызметкерлері әріптестерінің мерекелік шараға киген

жарқын ұлттық киімдері мен костюмдеріне ерекше мән берді. Қызметкерлердің арасында ләңгі тебу, гiр тасын көтеру, қол күресі, тоғызқұмалақ секілді ұлттық ойын түрлерінен жарыстар өткізіліп, жеңімпаздардың барлығы кәсіподақ атынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Биылғы жылғы Наурыз мерекесіне мекемеміздің зейнеткерлері де шақырылды, ақсақалдар арасында өнер иелері де бар екен, олар Шәмші Қалдаяқовтың әндерін шырқап, көрермендердің көңілінен шықты.

Бұдан кейін ұжым қызметкерлері Наурыз мейрамының құрметіне жайылған ақ дастарқаннан дәм татып, үлкендердің ақ батасын алды, жастар ән-күйлерін шалқытып, жиналғандарға мықты денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілеп жатты. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан біздің ұжымда Наурыз мерекесі осындай мерекелік көңілмен есте қаларлықтай өтті.

**Ұлболсын Смадиярова**  
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС



# САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ: СІЗ БІЛУІҢІЗ КЕРЕК НӘРСЕ

Құрметті әріптестер!

Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларациялар **2024 жылғы 1 қаңтарда** кірістері мен мүлкі туралы декларацияны 2023 жылы жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңіне кірген және бұрын активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынған тұлғалар ұсынуды **жалғастырады**.

Оларға, сондай-ақ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері мен олардың жұбайлары да кіреді.

Осылайша, жалпыға бірдей Декларациялау жүйесіне кірген «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен олардың жұбайлары 2024 жылы кірістер мен мүлік туралы декларацияны (270.00-нысан) ұсынады.

## Декларацияны ұсыну тәсілдері

Электрондық түрде – "Салық төлеушінің кабинеті" арқылы (<https://cabinet.kgd.gov.kz>), электрондық үкімет порталы, сондай-ақ **e-salyq azamat** мобильді қосымшасы арқылы.

Қағаз жеткізгіште – мемлекеттік кіріс органдарына, ХҚКО-ға келу тәртібімен.

Пошта арқылы қағаз жеткізгіштегі хабарламасы бар тапсырыс хатпен-салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады.

## Декларацияны тапсыру мерзімі:

- 15 шілдеге дейін - қағаз жеткізгіште;
- 15 қыркүйекке дейін - электронды түрде.

## Декларацияны дұрыс емес немесе уақтылы ұсынбаудың салдары

Егер бастапқы салық декларациясы мерзімінде ұсынылмаса, онда салық органдары бірінші рет ескертуден шектеледі ("әкімшілік құқық бұзушылық туралы" ҚР Кодексінің (ӘҚБТК) [272-бабының 1-тармағы](#)).

Ескерту жасалғаннан кейін бір жыл ішінде жеке тұлға тарапынан қайталап бұзушылық болған жағдайда 15 **АЕК** мөлшерінде айыппұл салынады (ӘҚБТК-нің [272-бабының 2-тармағы](#)).

Егер декларацияда салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуге әкеп соқпайтын толық емес, анық емес мәліметтер қамтылатын болса, онда салық органдары да ескертуден шектеледі (ӘҚБТК [272-бабының 2-1-тармағы](#)).

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет 3 **АЕК** мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (ӘҚБТК [272-бабының 2-2-тармағы](#)).

Салықтарды есептеуге әкеп соғатын салық салу объектілері жасырылған жағдайда, жасырын салық салу объектісі бойынша төленуге жататын салықтар сомасының екі жүз пайызы мөлшерінде (ӘҚБТК [275-бабының 1-тармағы](#)) және егер мұндай бұзушылық қайталанса, үш жүз пайыз мөлшерінде айыппұл көзделген (ӘҚБТК [275-бабының 2-тармағы](#)).

Егер жеке тұлғалар хабарлама берген кезде салық міндеттемелерін орындамаса және салықтық тексеру жүргізілсе, бұл шара қолданылады.

**Бұзушылықты өз бетінше жою кезінде айыппұл салынбайды.**

Сонымен қатар, Сізге **оқу сабақтың сілтеме жібереміз**, онда мемлекеттік тілінде 270.00 нысанды қалай толтыру керектігі туралы толық түсініктеме берілген.

<https://youtu.be/sWDGxDVABQ?si=OgszXd7YVVE6gy0V>

Сондай-ақ, компания тарапынан біздің қызметкерлерге көмек көрсету мақсатында 2024 жылдың мамыр мен тамыздың аралығында кеңседе, сондай-ақ Қоғамның өндірістік басқармаларында Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті мамандарының қатысуымен түсіндіру және консультациялық жұмыстар жүргізілетінін хабарлаймыз.

Сіздің тікелей басшыңыз Сізге түсіндіру жұмыстарын жүргізу уақыты мен орны туралы хабарлайды.

# НАЛОГОВАЯ ДЕКЛАРАЦИЯ: ВСЕ ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ

Уважаемые коллеги!

Настоящим сообщаем, что с **1 января 2024 года** декларацию о доходах и имуществе **продолжают** представлять лица, вошедшие в 2023 году во второй этап всеобщего декларирования и представившие ранее декларацию об активах и обязательствах.

К ним, в том числе, относятся работники субъектов квазигосударственного сектора и их супругов.

Таким образом, работники АО «Мангистаумунайгаз» и их супруги, вошедшие в систему всеобщего декларирования, **в 2024 году предоставляют декларацию о доходах и имуществе по форме 270.00.**

## Способы представления Декларации

В электронном виде – через «Кабинет налогоплательщика» (<https://cabinet.kgd.gov.kz>), портал электронного правительства, а также через **мобильное приложение e-Salyq azamat**.

На бумажном носителе – в явочном порядке в органы государственных доходов, ЦОН.

По почте заказным письмом с уведомлением на бумажном носителе – налогоплательщик получает уведомление почтовой или иной организации связи.

## Срок сдачи декларации:

- до 15 июля – на бумажном носителе;
- до 15 сентября – в электронном виде.

## Последствия недостоверного или несвоевременного представления декларации

Если первоначальная налоговая декларация не будет представлена в срок, то налоговые органы на первый раз ограничатся предупреждением (пункт 1 [статьи 272](#) Кодекса РК «Об административных правонарушениях» (КоАП)).

При повторном нарушении со стороны физического лица в течение года после вынесения предупреждения будет наложен штраф в размере 15 **МРП** (пункт 2 [статьи 272](#) КоАП).

Если декларация будет содержать неполные, недостоверные сведения, не влекущие начисление налогов и других обязательных платежей в бюджет, то налоговые органы также ограничатся предупреждением (пункт 2-1 [статьи 272](#) КоАП).

Действие, совершенные повторно в течение года, после наложения административного взыскания повлекут за собой штраф в размере 3 **МРП** (пункт 2-2 [статьи 272](#) КоАП).

В случае же сокрытия объектов налогообложения, влекущих начисление налогов, предусмотрен штраф в размере двухсот процентов от суммы налогов, подлежащих уплате по сокрытому объекту налогообложения (пункт 1 [статьи 275](#) КоАП) и в размере трехсот процентов, если такое нарушение повторится (пункт 2 [статьи 275](#) КоАП).

Данная мера будет действовать, если физические лица не исполнили налоговые обязательства при выставлении им уведомления, и проведена налоговая проверка.

**При самостоятельном устранении нарушения штрафа не налагаются.**

Дополнительно направляем **Вам ссылку на обучающий урок**, где на государственном языке дано подробное пояснение как заполнить форму 270.00.

<https://youtu.be/sWDGxDVABQ?si=OgszXd7YVVE6gy0V>

Также сообщаем, что в целях оказания помощи нашим работникам со стороны компании, **в период с мая по август 2024 года** в офисе, а также в производственных управлениях Общества с участием специалистов Департамента государственных доходов по Мангистауской области будут проводиться разъяснительные и консультационные работы.

О времени и месте проведения разъяснительных работ Вам сообщит ваш непосредственный руководитель.

**Служба Комплаенс**



# Спортивные баталии нефтяников

**Минувший месяц март, оказался весьма насыщенным на спортивные соревнования для работников АО «Мангистаумунайгаз»: нефтяники состязались между собой в командных и индивидуальных видах спорта.**

В преддверии Международного женского дня - 8 Марта, представительницы прекрасной половины АО «Мангистаумунайгаз» приняли участие в традиционном турнире по боулингу, а также состязались в соревнованиях по волейболу.

Победительницами соревнований по боулингу стали работницы департамента управления персоналом и оплаты труда, второе место занял женский коллектив департамента капитального строительства, замкнула призовую тройку команда финансового департамента.

Лучшим страйкером турнира стала техник ЦППН ПУ «Жетыбаймунайгаз» А.Өтеджанова.

В соревнованиях по волейболу среди женщин золотые медали завоевала команда АО «Мангистаумунайгаз», второе место у работниц ТОО «Нейрон-Мед», замкнули призовую тройку представительницы ПУ «Жетыбаймунайгаз».

- Лучший нападающий – Ж.Ешанова («Нейрон-Мед»)
   
- Лучший связующий – А. Жумажанова (ПУ ЖМГ)
   
- Лучший либеро – Ұ. Шадыбаева (ДСП)

\*\*\*

**А на месторождениях Каламкас, Жетыбай и в городе Актау прошли спортивные соревнования, посвященные празднику Наурыз.**

## Жетыбай



В ПУ «Жетыбаймунайгаз» чемпионкой волейбольных состязаний стала команда ЦДНГ-1, серебряные медали завоевали работники ЦПТГиЭГХ, на третьем месте нефтяники ЦДНГ-2.

- Лучший нападающий турнира по волейболу – Е.Баймағанбет (ЦДНГ-1)
   
- Лучший связующий – А. Джанышев (ЦПТГиЭГХ)
   
- Лучший либеро – С.Байсаров (ЦППД)

В турнире по мини-футболу победителем стала сборная ЦДНГ-1, второе место заняли спортсмены ЦППД, на третью ступень пьедестала поднялись нефтяники ЦДНГ-3.

- Лучший нападающий турнира по мини-футболу – Қ.Оңғалиев (ЦДНГ-1)
   
- Лучший защитник – Ж.Бағдабаев (ЦДНГ-2)
   
- Лучший вратарь – А.Бекмырза (ЦППД)

Соревнования по гиревому спорту:
   
1 место – М. Сақтағанов
   
2 место – Б. Бердиев (ЦДНГ-1)
   
3 место – Е. Ибраһим (KMG-Security)

Армрестлинг:
   
1 место – М. Кади́ров (ТОО OSC)
   
2 место – Е. Ибраһим (KMG-Security)
   
3 место – М. Сақтағанов

Қазақша күрес:
   
1 место – Ә. Бөлекбаев (ЦПТГиЭГХ)
   
2 место – Д. Қожамхан (ПРЦЭО)
   
3 место – Е. Шамғали (ТОО Caspian Food)



работники ЦДНГ-1, на третьем месте нефтяники ЦППД.
   
- Лучший игрок турнира по волейболу – С. Көшербаев (ЦДНГ-4)
   
- Лучший связующий – Қ. Қонарбай (ЦППД)
   
- Лучший либеро – Е. Әбілқайыров (ЦДНГ-1)

Соревнования по гиревому спорту:
   
1 место – А. Меңдіқұлов ТОО БозашыТрансҚұрылыс
   
2 место – Ү. Избасаров (ЦДНГ-2)
   
3 место – Б. Бекбосынов (ТОО OSC)

Армрестлинг:
   
1 место – Е.Абубакиров (Петролайн)
   
2 место – Қ. Ниязбаев (ТОО Атриум)
   
3 место – Е.Бериков (ТОО Techno Trading LTD)

## Каламкас

На месторождении Каламкас чемпионом соревнований по мини-футболу стала команда ЦДПитГ, второе

место завоевали нефтяники ЦПОНО, бронзовые медали достались работникам АУП.

- Лучший нападающий – Е. Ораз (ЦДПитГ)
   
- Лучший защитник – М. Иманқұлов (ЦПОНО)
   
- Лучший вратарь – Б. Әсет (АУП)

Победителем волейбольного турнира стала команда ЦДНГ-4, серебряные медали завоевали



Перетягивание каната:
   
1 место – ТОО МЭМ
   
2 место – ТОО БозашыТрансҚұрылыс
   
3 место – ЦДНГ-4

## Актау

Чемпионом мини-футбольного турнира среди работников центрального аппарата в городе Актау стала

команда ДКС, второе место заняли представители ДСП, на третью ступень пьедестала поднялись геологи ДПГиРМ.

- Лучший нападающий турнира по мини-футболу – Д. Қартбаев (ДЗиМТС)
   
- Лучший защитник – А.Темірхан (помощник Генерального директора)
   
- Лучший вратарь – Е.Керелбаев (ДБиОТ, ООС)

Волейбол (муж-жен, смешанный состав):
   
1 место – Профком
   
2 место – ДСП
   
3 место – ПТД

- Лучший нападающий – Д. Кошанова (ПУ ЖМГ – команда профкома)
   
- Лучший связующий – К. Абаканова (ФД)
   
- Лучший либеро – Г. Кайсенова (ДЗиМТС)

Армрестлинг (муж.):
   
1 место – М.Тумаев (ДАО)
   
2 место – Е. Сеитбаттал (СКБ)
   
3 место – А.Рахманұлы (ДКС)

Армрестлинг (жен.):
   
1 место – А.Отесінова (ДУПиОТ)
   
2 место – Я. Абдуллаева (ДМиСН)
   
3 место – М. Сарғулова (Охрана КазНИПИ)

Перетягивание каната:
   
1 место – ДПГиРМ
   
2 место – ДСП
   
3 место – ДБиЭА

Лянга:
   
1 место – Е.Айтбаев (ДСП)
   
2 место – Н. Едилов (ДСП)
   
3 место – Б. Жақыпов (ТОО Caspian Food)

Қазақша күрес:
   
1 место – Н. Қонысбай (ТОО Ерекеш)
   
2 место – Е. Жолдаев (ТОО Атриум)
   
3 место – Р. Абдіхалық (ЦДНГ-2)



**МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ**  
 Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ  
 Редактор: Есназар Сұлтанов  
 Редакция алқасы: - С. Галидуллин  
 - Ұ. Шадыбаева  
 Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
 130000, Актау қаласы  
 6 ш.а., № 1 үй,  
 тел:  
 212-035, 211-861  
 211-885, 212-194  
 Газет айына 1 рет  
 шығады.  
 Тегін таратылады

Газет ҚР  
 Мәдениет және  
 ақпарат  
 министрлігінде  
 есепке  
 қойылып,  
 № 9675 - Г  
 куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы  
 автор пікірі редакцияның  
 көзқарасын білдірмейді  
 Редакция оқырман хаттарына  
 жауап бермейді және оны  
 қайтармайды  
 Жарияланған материалдарды  
 сілтемесіз көшіріп басуға  
 болмайды

Газет АҚ-ның  
 жұртшылықпен  
 байланыс тобының  
 компьютерінде теріліп,  
 беттелді.  
 Индексі: 64265

«Атис» ЖШС  
 баспаханасында  
 басылды.  
 Актау қаласы,  
 «Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,  
 1 үй, 3 кеңсе  
 тел: 8(7292)525 500